

№1 «26» 08 2025ж
Педкеңесте қаралды



Бекітемін _____ М.Т.Бимагамбетова
Талпысай ЖОББМ
директорының у.м.атқарушы

«Келісемін» _____ С.Б.Биртаева
Айтөке би ауданының
білім бөлімі басшысы



« Жазу әдебі »

(Белсенді — қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Класы:2 «а»

Орындады _____ Г.К.Турежанова
бастауыш класс мұғалімі

Бірлестік отырысында қаралды:

Бірлестік жетекшісі _____ Г.О.Еселова.

№1_хаттама 26 күні 08 айы 2025ж

Тексерілді _____ М.Т.Бимагамбетова
оқу ісінің орынбасары

Түсініктеме хат мазмұны

«Көркем жазу» курсы бойынша 2 сыныптарға арналған. Оқу құралы оқушылар бойында төмендегідей білім, білік, дағдыларды қалыптастырады:

2 сынып оқушыларына арналған «Көркем жазу» курсы 34 сағатқа есептелген. Әрбір сабақ 2 бөлімнен тұрады: 1 бөлім – теориялық тұрғыдан түсіндірілсе, 2 – бөлімде оқушыларға тапсырмаларды әдемі, көркем етіп жазуға ұсынылады. Сабақтың 1-бөлімі оқушының қызығушылығын ояту, сыныпта жағымды атмосфераны орнату, психогимнастикалық серпіліс жасау жаттығуларынан басталады. Тақырып бойынша әріп элементін жазу ережесімен таныстырылады, әріптің көлемі біркелкі болуы, кіші әріптің биіктігі – 3 мм, бас әріптің биіктігі 7 мм өлшемдерді сақтап жазу қажеттігі ескертіледі. Оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, сергіту жаттығулары орындалады.

Сабақтың 2-бөлімі жазу дәптерімен жұмыс жасауға арналған 5 тапсырмадан тұрады, оның:

Бірінші тапсырмасы – көшіріп жазу әдісі бойынша дайын әріп элементтерін таза, әдемі етіп жазуға негізделген. Бұл тапсырманы оқушы мұғалімнің көмегімен орындайды.

Екінші тапсырма – оқушылардың сөздер арасындағы ара қашықтықты сақтап, байланыстыра жазуға, сонымен бірге оқушылардың логикалық ойлауын қозғап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделген. Тапсырманы орындауда оқушы сызықтық әдіс, теріп жазу әдісі, сөйлемді аяқтау әдісін қолданады, түрлі сөзжұмбақтар мен суретті жұмбақтардың шешімін тауып жазады.

Үшінші тапсырманы орындау – оқушының өздігінше жұмыс жасауын, берілген мәтінді таза, әдемі етіп көшіріп жазу, мәтінді өзіндік пікірмен аяқтап жазуды талап етеді. Тапсырма ізденіс арқылы оқушының пікірін жинақтауына бейімделген.

Төртінші тапсырма – түрлі әдістерге негізделген, мысалы: өлеңді жатқа жазу, тест тапсырмаларын шешу, дұрыс жауаптарын бояу, «Топтастыру» ойыны, мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынасын ашып жазу, «Лездемеге жауап жаз» ойыны, «Сөз ішінде сөз» ойыны, «Адасқан буындар» ойыны, жүргізіп жазу техникасын қолдану және т.б. Мұғалім осындай әдістерді қолдану арқылы оқушыларда ой қозғап, білімдерін бекітеді. Сабақтың қорытынды бөлімінде мұғалім семантикалық карта арқылы оқушылармен жазба түрде рефлексиялық байланыс жасайды.

Бесінші тапсырма – үйде орындауға негізделген, мұнда тақырып бойынша берілген әріптерге сөз, сөйлем құрастырып жазу, өлең жолдарын көшіріп, тиісті әріптерді теріп жазу секілді жаттығуларды орындайды.

Курстың соңында оқушылар көшіріп жазу әдісі, сызықтық әдіс, генетикалық әдіс, ритмикалық әдіс, теріп жазу әдісі, топтастыру әдісі, Карстер әдістерін саналы түрде және нақты орындауды меңгереді.

Мақсаты: Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазуын,

әдеби сауаттылығын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыру, грамматикалық

мағлұматтарды меңгерту.

Міндеттері :

1. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл –ойының дамуына, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндіктерін туғызу .
- 2.Зерделеу, есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту. Өзіне деген сенімін арттыру.
3. Оқушыны белгілі бір тақырып көлемінде ой жүйесін құруға, образға ену, топпен талқылауға бағыттау.
- 4.Әріптерді қосып, буын, сөз жазу машықтарын жетілдіріп, жазу жаттығуларын ұдайы жүргізу .
5. Жеке сөздерді,сөйлемдерді қатесіз көшіруге және айтылуы емес жазылуы бойынша дұрыс жазуға машықтандыру

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі

2 -сынып, сағат саны -34

Бұл бөлімде оқушылар жазу жолының негізгі құрылымдарымен танысады. Жазу жолындағы арақашықтықтың сақталуы мен сызықтардың көлбеу түсу сырларын түсінуге мүмкіндік береді. Курс барысында оқушылардың икем, дағдылары төмендегі іс-

әрекеттер бойынша бекіп отырады.

- Графикалық қателерді көру және жөндеу жолдарын табады.
- Әріптер мен сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақтайды.
- Сөздер арасындағы қашықтықты меңгереді.
- Әріп элементтерінің жазылу алгоритмін, әріптер мен әріптерді байланыстырып жазады.
- Жазудың жылдамдық нормаларын орындау, баспа мәтінінен көшіріп жазу, жай сөздерді жатқа жазуды есте сақтайды.
- Тақырып бойынша суретпен сөйлем құрайды.
- Ребустар мен сөзжұмбақтар үшін материалдар жинақтайды.
- Қысқа мәтінде диктанттар жазады.

I бөлім «Көркем жазу»курсымен танысу 8 сағат

Дауысты А а дыбысы. Дауысты Ә ә дыбысы Көркем жазуға төселдіру.

Әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу.жазудың негізгі алгоритмін танысу

Әрбір әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу

II бөлім «Қосымша жолдар кеңістігі » 8 сағат

Мұғалімнің көмегімен графикалық қателерді көру және жөндеу жолдарын табады.Сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақтайды.Сөздер арасындағы қашықтықты меңгереді.Әріп элементтерінің жазылу алгоритмін, әріптер мен әріптерді байланыстырып жазады.

III бөлім « Әріптердің сөз ішіндегі қашықтығы» 10 сағат

Сөйлем түрлерін құру барысында бас әріп пен сәйкес тыныс белгілерді (үтір, нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі) өз бетінше дұрыс қолдана біледі.

Оқушылар сөздердің мағынасына қарай, белгілеріне қарай сөздердің топтарға бөлінетіні туралы түсінік алады

IV бөлім « Әріп элементтері» 8 сағат

Әріптерді қосып, буын, сөз жазу машықтарын жетілдіріп, жазу жаттығуларын ұдайы

жүргізу.Жеке сөздерді,сөйлемдерді қатесіз көшіруге және айтылуы емес жазылуы бойынша дұрыс жазуға машықтандыру.

Нормативті бөлім

2- сынып

Аптасына -1 сағат, жылдық сағат саны- 34

p/c	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
І тоқсан			
1	«Көркем жазу» курсымен танысу	1	08. 09 2025
2	А а әрпінің емлесі	1	15
3	Жазу үлгісіндегі өрнектерді орындау. Ә ә әріптерінің элементтерін жазу.	1	22
4	Жазу үлгісінің сызықтарымен танысу. Б б әрпін жазу	1	29
5	В в әріптерінің элементтерін жазу.	1	06.10
6	Жазудың негізгі алгоритмімен танысу. Г г әрпін жазу	1	13
7	Ғ ғ әріпінің элементтерін жазу.	1	20
8	Жазудың негізгі алгоритм элементтерін жазу. Д д әрпін жазу	1	03. 11
9	Е е әріпінің элементтерін жазу.	1	10
10	Қосымша жолдардың жұмыс кеңістігімен танысу. Ж ж,	1	17
11	З з әріпінің элементтерін жазу.	1	24. 11
12	И и, Г г әріптерінің жазылуы	1	01.12
13	П п, Т т әріптерінің элементтерін жазу.	1	08
14	Л л әрпін жазу	1	15
15	М м әріпінің элементтерін жазу.	1	22. 12
16	Н н, Кк, әріптерінің элементтерін жазу	1	12. 01
17	Ээ әрпінің элементтерін жазу.	1	19
18	О о, Ө ө әріптерінің элементтерін жазу	1	26
19	Қ қ, ң әріпінің элементтерін жазу.	1	02. 02
20	У у әрпін жазу	1	09
21	Ұұ, Үү әріптерінің элементтерін жазу.	1	16
22	Р р әрпін жазу	1	23
23	Ф ф әріпінің элементтерін жазу.	1	02. 03

24	Х х әрпін жазу	1	70
25	Һ әріпінің элементтерін жазу.	1	16.03,
26	Жазудың негізгі алгоритмі элементтерін жазу. Ц ц әрпін жазу	1	30.03
27	Ч ч әріпінің элементтерін жазу	1	06.04
28	Әріп элементтерін жазу. Ш ш	1	13
29	Щ щ әріпінің элементтерін жазу.	1	20
30	Ы ы әрпін жазу	1	27
31	І і әріптерінің элементтерін жазу.	1	04.05
32	Ю ю әрпін жазу	1	11
33	Я я әріпінің элементтерін жазу.	1	18
34	Қайталау.Тест	1	24.05

Ақпараттық- әдістемелік бөлім

Сабақты жүргізу әдістері:

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап ететінін байқадым... Ол заман көшіне ілесу үшін әр мұғалім өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Осы күнге дейін дайын білімді оқушыларға беріп келдік. Тестілеу барысында оң нәтижеге қол жеткізу үшін материалды меңгеру бағасын ғана көздейтін тактикалық оқу-қалай оқу керектігін үйрену үдірісінде салыстырмалы түрде «мұзтаудың су бетіндегі бөлігіндей» ғана мәнге ие.(мұғалімдерге арналған нұсқаулық)

Мұғалім пәннің негізін қалайтын қағидаттар мен басты идеяны түсінеді.Бұл үшін оқыту тәсілдерін қолдану қажет,осының арқасында оқушылар оқу жоспары пәндерінің "өзіндік ландшафттарын"зерттеуге қабілетті болады. Бұл жерде бейімделуге ұқсайды: Сіз аумақты зерделеп, қандай ресурстардың қолжетімді екенін және ресурстарды өз қызметімізде өнімді пайдалану жолдарын білетін боласыз. (мұғалімге арнаған нұсқаулық)

Жас ерекшелігіне байланысты оқытудың аса маңыздылығын ескере отырып осы туралы модульде жас ерекшелігіне байланысты оқытудың жекелеген теорияларын сипаттаған. Жан Пиаже, Джин Пиажет,Мария Матессори.және Лев Выготский сияқты теоретиктер оқу және даму мазмұнының ұқсастығын қалыптастыра отырып, танымдық тәсілді дамытуда одан әрі ілгерілеген.(м.а.н.) **"Оқытудағы басқару және көшбасшылық"** модулінде қарастырылды. Модуль аясында "Мұғалім ретінде, біз кейде өзіміздің әрекет ету мүмкіндігіміз бен күш-қайратымызды жоғалтып жатқанымызды сеземіз .Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, жоғары лауазымсыз да жақсы мұғалімдердің кәсіби шеберліктері мен адамгершілік сенімдерін қолданып,адамдарға әсер етуге болады.Біз өзіміздің тактикалық дағдыларымызды жетілдіріп, стратегиялық тұрғыдан ойлауды үйрене аламыз"(м.а.н.)**АКТ** оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды тиімді қолдану маңызды болып саналады. **АКТ** енгізген кезде, теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығы оларды тиімді қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқыту және оқу үдерістерін жақсартуға жағдай жасайтын болады.**Сыни тұрғыдан ойлау** – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын кәзіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлаудың негіздерін күнкеңтай балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды дамыту мақсатында білім берудің әрбір кезеңінен дамытуға болады.Оқушыларды жұппен, топпен жұмыстандыру арқылы ұйымдастырылатын сабақтар, оқушылардың дарындылығын дамытып, шыңдау жолдарының бірі болып табылады. Олардың арасында ынтымақтастық пен серіктестікті тудыру, басқа адамның ойымен де есептесу қажет екенін де түсіндіреді, уақыт үнемделеді. Жұппен және шағын топпен жұмыс тез, жаңа идеяларды ұсынумен қатар белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді.**Дарынды және талантты оқушыларға** қатысты бұл ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі тапсырма. Дарынды және талантты оқушылардың есте сақтау қабілеттері өте жоғары болады. Олар жаңашыл болып қана қоймай, оны өңдеп, толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне тереңірек жетеді, күрделі тапсырмалардың шешімін табуға ұмтылады, өз білімін жетілдіре алады.**Оқушылардың бағалау әдістері:** Сыныптағы оқыту үдерісінде тағы маңызды мәселе бағалау болып табылады. Бағдарлама аясында бағалау түрлерімен және бағалау маңыздылығы,мәні,мақсаты айқындалады.Сыныптың бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде бағалау жолымен бағалайды. Олар қолданылатын кез келген нысанның артында обьективті емес бағалаумен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік,сондықтан әр өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты қиындықтар жатады.(Александр.2001)

Бағалау- одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау және оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын әдістер.Әдетте бағалау мақсаты әр мұғалімнің бағалауды (тестілеуді) қандай мақсатта және кім үшін (сыныпты бағалау жүргізу сияқты), қалай өткізу керек екендігі туралы түсінігіне негізделеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесінде уақтылы өзгеріп отыруда. Осыған байланысты оқытуды қолданылған әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып, өзін-өзі бағалау, жұптық, үш шапалақ, екі жұлдыз – бір тілек, бағдаршам, формативті және сумативті бағалау әдістері қолданылады.

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер

1. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістері. Г. Ж. Тұрдалиева
2. Бастауыш сынып журналдары 2003 жыл, 2005 жыл, 2010 жыл
3. Кіші жастағы оқушылардың жазба тілін дағдыландыру. С.Р. Рахметова
4. Озық тәжірибе журналдары 2013 жыл. 2014 жыл
5. «Қазақ тілінің мәдениеті» Алматы 1978 жыл. М.Болоқаев
6. Көркем әдебиет. 2003 жыл. К.А. Сатыбалды, К. Г. Байғабылова
7. Әдебиеттік оқу хрестоматиясы 2003 жыл. К.А. Сатыбалды, Б.Игенбаева.
8. Қазақ тілі оқулығы 2 сынып «Атамұра» 2013 жыл
9. Әдебиеттік оқу 2 сынып «Атамұра» 2013 жыл. Н. Г. Қабатай. С.Р. Рахметова
10. «Мектептегі психологиялық қызметті жетілдіру» Алматы 2012 жыл. М.А. Ускенбаева.

Оқушыларға арналған әдебиеттер

1. Халық даналығы Алматы 1976 жыл. Б. Адамбаев
2. «Ел аузынан» Алматы 1995 жыл. Б. Адамбаев
3. Қуырмаш журналдары 2015. жыл, 2019 жыл
4. Мөлдір бұлақ журналы 2019 жыл.
5. Ана тілі оқу хрестоматиясы 2003 жыл. Б. Игенбаева. Б. Игенбаева.
6. «Асыл сөз» Жалын 1987 жыл. Б. Ысқақов